

## **Құбырлы көлікпен мұнай экспорттауды реттеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 қыркүйек N 1182

Құбырлы көлік бойынша мұнай экспортына өнім берушілерге квоталар бөлу тетігін реттеу мен орнықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі:

1996 жылдың төртінші тоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, ұйымдарға құбырлы көлікпен мұнай және газ конденсаты экспортына берілетін квоталар көлемін келісетін болсын;

1996 жылдың 1 қазанына дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және "Ространснефть" акционерлік қоғамымен келісілген 1997 жылы барлық өнім берушілер кенішінде бірлескен кәсіпорындарды қоса, жақын және алыс шет елдерге құбырлы көлікпен газ конденсатын қоса мұнай экспортына тоқсан сайын берілетін квоталар көлемі жөнінде ұсынысты Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

1996 жылғы 15 қазанға дейін ТМД Халықаралық экономикалық комитетінің Мұнай және газ жөніндегі кеңесіне мұнай және газ транзитіне бірыңғай тариф белгілеу жөнінде ұсыныс жолдасын;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне тоқсан сайын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы газ транзитінің тарифі мен көлемі туралы ақпарат ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жылдық индикативтік жоспарына өнім берушілер кенішінде газ конденсатын қоса алғанда, мұнай экспорты көлемінің көрсеткішін енгізісін;

<\*>

1996 жылғы 15 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп индикативті жоспардың жоспарлау-реттеу бөлігінің құрамында 1997 жылы мұнай және газ тасымалына арналған республикашілік тарифтерді өзгерту жөнінде ұсыныс енгізісін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 3-ші абзацы толықтырылды - ҚРҰ-нің

1996.12.11. N 1525 қаулысымен. P961525\_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 3-абзацы күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.07.24.

N 1177 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті үстіміздегі жылдың

1 қазанынан бастап Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен экспорт көлеміне келісу хаттамасы болған жағдайда өнім берушілер құбырлы көлікпен жөнелткен мұнайдың, газ конденсатын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Кеден аумағынан шығарылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Премьер-Министрдің орынбасары Г.Г.Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі